

**Білім беру қызметтерін көрсетуге арналған
КЕЛІСІМ–ШАРТ № _____**

Түркістан қаласы

" _____ " _____ **20__** жыл

"Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ – Түрік университеті мекемесінің "Түркістан Ахмет Ясауи" кәсіби колледжі филиалы" мекемесі атынан 03.02.2012 ж. алынған, білім беру қызметін жүргізу құқығын беретін № АБ0137408 мемлекеттік лицензиясы негізінде әрекет етуші директор **А.Кенжалиев** бұдан әрі "Колледж" деп аталатын, екінші жағынан азамат _____ бұдан әрі «Студент», және «тапсырыс беруші» деп аталатын _____ студенттің ата-анасы немесе заңды өкілі екінші жақтан, келісім бойынша аталған тараптар бірлесіп төмендегілер туралы осы Келісім шартты жасады:

1. КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҢ МӘНІ

- 1.1. Студент (Тапсырыс беруші) – таңдап алынған білім беру бағдарламасы бойынша білім алу мен оқу төлемақысын төлеуді, ал колледж студент үшін оқу үрдісін ұйымдастыру және _____ біліктілігі бойынша _____ мамандығы, _____ оқу мерзімімен 2022 жылдың «__» қыркүйегінен 2025 жылдың __ _____ аралығында білім алудың күндізгі түрі бойынша мекеменің оқу жоспарына сәйкес, білім беру қызметімен қамтамасыз ету мен оқудың толық курсы аяқтаған соң мемлекеттік үлгідегі диплом беруді өз міндетіне алады.
- 1.2. Оқыту тілі: қазақ тілі
- 1.3. Оқу жоспарына сәйкес берілген бағдарламаға, **Тапсырыс беруші** осы шарттың талаптарына сәйкес төлем жүргізеді.

2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Колледж құқылы

- 2.1.1. осы келісім шарт пен ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес Студенттен міндеттерін адал және дұрыс орындауды, сондай-ақ оқу тәртібін, оқытушылармен, қызметкерлермен және оқушылармен әдепті және сыпайы қатынастарды сақтауды талап етуге;
- 2.1.2. Студентке осы келісім шарт мен ішкі тәртіп ережесінің оқыту тәртіптерін бұзғаны үшін тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануға;
- 2.1.3. Студенттен колледждің мүлкіне ұқыпты қарауды, компьютерлік және басқа да техниканың жұмысының ережесін сақтауды талап етуге. Студент тарапынан материалдық зиян келтірілсе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған тәртіппен шыққан шығынды қалпына келтіруді талап етуге;
- 2.1.4. Студентті оқудағы, ғылыми және шығармашылық жұмыстардағы жетістіктері үшін мақтауды, марапаттауды жүзеге асыруға;
- 2.1.5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген себептер бойынша, сондай-ақ білім беру ұйымының Ережесі бұзылған жағдайда студенттер қатарынан шығарылған жағдайда Шартты біржақты бұзуға;
- 2.1.6. Студенттерден қалдырылған сабақтарын міндетті түрде өтеуін талап етуге;
- 2.1.7. Оқытушыны оның сырқаттануына немесе өндірістік қажеттілікке байланысты алмастыру;

2.2. Студенттің құқықтары.

2.2.1. Студент құқылы:

- 1) ауысу және қабылдау қағидаларына сәйкес, белгіленген тәртіппен бір білім беру мекемесінен екіншісіне, бір мамандықтан екіншісіне, ақылы негізден мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуға ауысуға;
- 2) колледждің Жарғысында қарастырылған тәртіппен кітапхана базасындағы және оқу залдарында оқу, оқу әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорына еркін кіруге және тегін пайдалануға;
- 3) білім беру ұйымдарын басқаруға қатысуға;
- 4) өз пікірімен сенімін еркін білдіруге;
- 5) өзінің адамдық қадыр - қасиетінің құрметтелуіне құқылы.

2.3. Тапсырыс беруші

- 2.3.1. Студенттің бағдарламадағы үлгерімі және сабаққа қатысуы туралы ақпарат алуға;
- 2.3.2. Студенттен сабаққа міндетті түрде қатысуы және колледждің барлық заңды талаптарын талап ету;
- 2.3.3. Студенттің барлық оқу мерзімі үшін оқу төлемін алдын ала төлеуге;
- 2.3.4. Осы шарт бұзылған күннен бастап 10 (он) банктік күн ішінде, Студент оқудың барлық кезеңіне алдын ала төлеген жағдайда, оқудан шығару туралы бұйрық шыққан сәттен бастап, ағымдағы оқу кезеңіндегі шығындарын шегеруді ескере отырып, төленген ақшаны қайтарып алуға.

2.3. Колледждің міндеттері.

- 2.3.1. Студентті білім беру ұйымының Ережесімен, Ішкі тәртіп ережесі және колледжге қабылдау тәртібін реттейтін басқа да нормативтік-құқықтық актілермен таныстыруға;
- 2.3.2. ҚР-ның мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес маман даярлауды қамтамасыз етуге;
- 2.3.3. Қабылдау емтиханының (әңгімелесу) қорытындысы бойынша (немесе академиялық қарызын өтеген жағдайда басқа білім беру ұйымдарынан ауыскан) колледждің студенттері қатарына өзі немесе Тапсырыс беруші жылдық төлем ақысының 50 % төлеген жағдайда қабылдауға;
- 2.3.4. Колледж кітапханасының ақпараттық ресурстарына еркін қол жеткізуді және пайдалануды, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендер мен құралдармен қамтамасыз етуге;
- 2.3.5. Студентке колледж директоры бекіткен, негізгі ережеде қарастырылған тәртіппен және оқу бағдарламасы шеңберінде тапсырманы орындау үшін компьютерлік техниканы қолдану мүмкіншілігін беруге;
- 2.3.6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылдың 20 қаңтарындағы № 19 бұйрығына сәйкес, студентті бір мамандықтан екінші мамандыққа немесе бір оқыту нысанынан басқасына, сондай-ақ басқа білім беру ұйымына ауыстыруға;

- 2.3.7. Студенттің колледждегі ғылыми, мәдени және спорттық шараларға қатысуға мүмкіндік беру;
- 2.3.8. Толық оқу курсы сәтті аяқтағаннан кейін және қорытынды аттестаттаудан өту нәтижелері бойынша «Мемлекеттік стандарттың білім беру құжаттарының түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылдың 28 қаңтарындағы №39 бұйрығымен бекітілген тиісті нысандағы білім туралы құжатты беру;
- 2.3.9. Карантиндік, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде – білім алушыға барлық оқу, анықтамалық және әдістемелік материалдарды қамтитын білім беру порталына немесе ақпараттық жүйеге қолжетімділікті қамтамасыз ету және таныстыруды, студенттің үлгерімі мен сабаққа қатысуын жүйелі бақылауды жүзеге асыру;
- 2.3.10. Ресми сұрау салу бойынша құзыретті мемлекеттік органдарға студенттің жеке деректерін ұсыну;
- 2.3.11. Академиялық қарызы бар болған жағдайда диплом алдындағы практикадан және бітіруші курс студентінің қорытынды аттестациясынан өтуге жол бермеу және қайта оқу курсына қалдыру;
- 2.3.12. Колледждің ішкі нормативтік құжаттарымен және ҚР-ның құқықтық актілермен белгіленген тәртіпте оның өтініші бойынша студентті білім алушылар қатарына қайта қабылдау және оқудан шығару;
- 2.3.13. Академиялық адалдық фактісі анықталған жағдайда (плагиат, ұялы смартфон құралдарын есептен шығару және пайдалану т.б.) пән бойынша бағаларды жою;
- 2.3.14. Академиялық пәндер – пререквизиттер бойынша және қаржылық қарызы болған жағдайда студентті пәнді оқуға жібермеу;

2.4. Студенттің міндеттері.

- 2.4.1. Колледж Ережесін, осы келісім шартты және ішкі тәртіп ережесін, колледж актілерін сақтауға және орындауға;
- 2.4.2. мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары көлемінде білім, шеберлік және тәжірибе дағдыларын игеруге, оқу және практикалық сабақтардың барлық түрлеріне қатысуға;
- 2.4.3. колледждің мүлкіне ұқыпты қарау және оны тиімді пайдалану, оқу мен жатақханада тұру үшін дұрыс жағдай жасауға қатысу;
- 2.4.4. колледждің оқытушылары мен қызметкерлері, өзге білім алушылармен әдепті және сыпайы қатынастарды сақтауға;
- 2.4.5. студент төтенше жағдай сипатындағы салдар және басқа да себептермен сабаққа қатыса алмаса, сол күннен бастап бір апта ішінде растайтын құжаттары мен жағдайы туралы еркін нысанда жазбаша хабарлауға;
- 2.4.6. отбасы жағдайы, байланыс ақпараты (мекен-жайы, телефоны, электрондық пошта және т.б.) өзгерген жағдайда колледжге хабарлауға;
- 2.4.7. Студент амбулаторлық немесе стационарлық емделген жағдайда колледжге растау құжаттарын көрсетіп, жазбаша түрде ескертуге;
- 2.4.8. Келісім шартта көзделген оқу ақысын белгіленген мерзімде төлеуге;
- 2.4.9. өз топ жетекшісімен кез-келген себеппен қалдырылған сабақтарын міндетті түрде өтеуге;
- 2.4.10. Оқу құралдарын, аудиториялардың, жатақханалардың және колледждің басқа да материалдық-техникалық жабдықтарын мұқият пайдалану, келтірілген материалдық залалды өтеу;
- 2.4.11. Оқу әдебиетін жоғалтқаны үшін нарықтық құнынан 5 есе мөлшерде өтеу;
- 2.4.12. Колледжде бекітілген бірыңғай киім нормасын сақтауға;
- 2.4.13. Колледжге сабаққа басталудан 15 минут бұрын келуге;
- 2.4.14. Практикалық жұмыстар кезінде қауіпсіздік, өнеркәсіптік гигиена, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға және қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға;

2.5. Тапсырыс берушінің міндеттері

- 2.5.1. Осы келісім шартта көзделген оқу төлемақысын уақытылы төлеуге;
- 2.5.2. Студенттен осы Келісім шартқа сәйкес міндеттерді адал және дұрыс орындауды талап етуге міндетті.

3. Оқу төлемі

- 3.1.**
- 3.1.1. _____ білім беру бағдарламасы бойынша Студентті оқыту құны бір оқу жылы ішінде _____ теңгені құрайды.
- 3.1.2. Бағаны құрайтын факторлардың өзгеруіне байланысты Колледж оқу ақысының көлемін көтеру құқығына ие, оған сай негізгі келісімшартқа қосымша келісім жасалады.
- 3.2.3. Төлемақы Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасымен тиісті соманы банк арқылы колледждің шотына аудару арқылы жүргізеді.
- 3.3.4. СТУДЕНТКЕ академиялық демалыс берілген жағдайда, оқу төлемақысы демалыс аяқталған сәттен белгіленген мөлшерде жүргізіледі.
- 3.3.5. Оқуға төлем ақы колледждің есеп шотына тиісті соманы толығымен немесе бөліп 2 транш жолы арқылы төлеу іске асырылады. **Бірінші транш – жылдық оқу ақысының 50%-ын 25 желтоқсаннан кеш емес төлеу;**
Екінші транш – қалған 50%-ын оқу жылының 20-мамырынан кешіктірмей толық төлеуге.
- 3.3.6. Оқу ақысының (3-4 жыл) толық курс төлемақысы төленген жағдайда артық шығындар қосылмайды.
- 3.3.7. Қайта қабылдану құқығымен оқудан шығарылған Студент оқу төлемін қайта қабылдау кезінде болған тәртіп пен көлемінде жүргізіледі.
- 3.3.8. Тапсырыс беруші Колледж алдындағы өзінің қаржылық міндетін мерзімді орындамаған жағдайда 1 (бір) айдың ішінде, Колледж Келісім шартты біржақты бұзуға және Студентті еш хабарлаусыз оқудан шығаруға құқығы бар.
- 3.3.9. Студент академиялық демалыстан шыққан жағдайда Тапсырыс беруші оқуға ақы төлеуді академиялық демалыстан шығу туралы бұйрық шыққан кезде қолданылатын тәртіппен және мөлшерде жүргізеді.
- 3.3.10. Қаржы берешегін толық көлемде өтеген жағдайда, қаржы қарызы үшін оқудан шығару туралы бұйрық шыққан сәттен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде Студенттер қатарына қайта қабылданады.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШЛІГІ

4.1. Студент төмендегі негіздер бойынша оқудан шығарылады:

- 4.1.1. Осы келісім шарттың ережелерін және колледж ережелері мен ішкі тәртіп ережесін орындамаған жағдайда.

- 4.1.2. Жүйелі түрде теориялық және практикалық сабақтарды 36 сағат босатқаны үшін
- 4.1.3. Колледж алдындағы қаржылық міндеттемесін 1 айдың ішінде орындамағаны үшін және оқу ақысы төленбеген жағдайда Студент тиісті сессияға жіберілмейді және колледжден шығарылады. Төленбеген оқу ақысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өндіріледі.
- 4.1.4. Оқу үшін ақысын төлемеуі себепті Студент колледжден шығарылған жағдайда қарыз қайтарылғанға дейін академиялық анықтама және басқа да құжаттар берілмейді.
- 4.1.5. Колледжді бітіру сәтіне төлемақы бойынша қарыз болса қарыз қайтарылғанға дейін бітіру туралы құжат берілмейді.
- 4.1.6. Осы тараптардың өз міндеттерін орындамағаны немесе дұрыс орындамағаны үшін келісім шартта қарастырылмаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған жауапкершілікті мойындарына алады.
- 4.1.7. Студент сабаққа қатыспаған жағдайда Тапсырыс беруші Колледж алдындағы қаржылық міндеттемелерден босатылмайды.

5.ФОРС-МАЖОР

- 5.1. Тараптар осы келісім-шарт бойынша міндеттерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер ол Келісім шартты бекіткеннен кейін, төтенше оқиғаның нәтижесінде Тараптар болжай білмеген немесе ақылға қонымды шаралармен болдырмауға әрекет жасай алмаған жағдайда орын алса, бұл ретте Келісім шарт бойынша міндеттемелер мерзімі осындай мән-жайлар қолданылған уақытқа мөлшерлес жылжиды.
- 5.2. Жоғарыда аталған міндеттерді орындауға мүмкіндігі болмаған Тарап, келесі Тарапқа осындай жағдайлардың орын алғаны туралы жазбаша түрде тез арада хабарлауға міндетті, оның үстіне кез келген жақтың талабы бойынша осы Келісім шарттың шарттарын орындау кезінде кедергілердің болғандығын растаушы қандай да болмасын куәландырушы құжат берілуі тиіс.

6. ДАУДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

- 6.1. Осы келісім шартты орындау кезінде пайда болған қайшылықтар мен даулар өзара қолайлы шешімге келу мақсатында тікелей тараптармен қаралады.
- 6.2. Егер де екі жақ өзара келісімге келмеген жағдайда, дау Қазақстан Республикасының заңнамаларының негізінде шешіледі.

7. КЕЛІСІМ ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ, ОНЫ ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ БҰЗУ ТӘРТІБІ

- 7.1. Осы келісім шарт Тараптардың қол қойған мерзімінен бастап күшіне енеді және оның толық орындалуына дейін қолданыста болады.
- 7.2. Тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша осы келісім шарттың талаптарының өзгеруі және толықтырылуы мүмкін.
- 7.3. Колледж атқарушы директорының тиісті бұйрық шығаруы тараптар арасындағы шарттық қатынастардың тоқтатылу сәті болып табылады.
- 7.4. Егер Студент _____18 жасқа толмаған болса, кәмелеттік жасқа толмаған болып табылады, онда ол осы келісім шартқа тек ата-анасының немесе заңды өкілдерінің келісімімен ғана қол қоюға құқығы бар.
- 7.5. Осы келісім шартпен реттелмеген барлық сұрақтар бойынша, Тараптар Колледждің ішкі нормативтік құжаттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.
- 7.6. Осы келісім шарт бірдей заңды күші бар 3 (үш) дана мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жасалынады және бір дана Студентке беріледі, екінші дана колледжде қалдырылады.

8. ТАРАПТАРДЫҢ РЕКВИЗИТТЕРІ МЕН ҚОЛДАРЫ

Түркістан қаласы
Тәуке хан даңғылы 280
БИН 060941010888
БИК HSDRRZRZ
ИИК KZ 69601729100007755
АО «Қазақстан Халық банкі»
Түркістан қаласы

Колледж директоры:
_____ А.Т.Кенжалиев

Тегі, аты, жөні

Жеке куәлік № _____
Берілген күні " ____ " _____
Мекен - жайы _____

Телефон номері _____
Қолы _____